

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 қыркүйек N 979. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.31. N 741 қаулысымен. ~P010741

Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы жеке тұлғалар алып өтетін тауарларды кедендік ресімдеу мен оларға кедендік бақылауды реттеу мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды, соның ішінде көлік құралдарын да өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1712 P961712_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 512-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізуінің тәртібі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы Ереженің 8-тармағында белгіленген шектеулерден асқан бөлігінде кеден төлемдері мен салықтарын алу, экономикалық саясат шараларын қолдану, жүк жөніндегі кеден декларациясын ұсынуды қоса алғанда, кедендік ресімдеу жалпы қабылданған тәртіппен заң актілеріне және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес жүргізіледі";

17-тармақтың бірінші абзацындағы "баждары" деген сөз "төлемдері мен салықтары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін жеке тұлғалардың бажсыз алып өту нормаларынан артық тауар алып өтуіне бақылау жасаудың және осындай алып өту кезінде кеден төлемдері мен салықтарын төлеудің тетігін белгілейтін нұсқаулықты әзірлесін және

белгіленген тәртіппен бекітсін.

3. Осы қаулы 1998 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК